**Туризм саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1445

Туризм саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, ел экономикасының маңызды бір саласы ретінде оны дамыту үшін жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Туризм саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық, жергілікті атқарушы және өзге де мемлекеттік органдар Бағдарламаның уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Бағдарламаны іске асырудың барысы туралы жылына 2 рет - қаңтарда және шілдеде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.Ә. Мұхаметжановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1445 қаулысымен бекітілген

## Туристік саланы дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған Бағдарламасы

Астана қ., 2002 жыл

## 1. ПАСПОРТ

Атауы — Туристік саланы дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздеме — Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 17 ақпандағы N 344

жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 4867 тапсырмасы.

Негізгі әзірлеуші Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі

Бағдарламаның мақсаты Бағдарламаның басты мақсаты - қазақстандық және шетелдік азаматтардың әртүрлі туристік қызметтерге қажеттілігін қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті Туристік кешен құру, саланы дамытудың экономикалық және құқықтық тетіктерін әзірлеу әрі Қазақстанның туристік өнімінің сапасын қамтамасыз ету жөнінде мемлекеттік деңгейдегі шараларды іске асыру.

Бағдарламаның міндеті Бағдарламаның қойылған міндеттерге сәйкес бірінші кезектегі міндеттері мыналар болып табылады:

туризмде әлеуметтік-экономикалық өзгермелі жағдайларға, мақсаттарға, қағидаттарға және туристік қызметті жүзеге асыру міндеттеріне жауап беретін мемлекеттік реттеудің жаңа көзқарастар жүйесін қамтамасыз ету;

мемлекеттің туризм саласында республикалық уәкілетті орган арқылы әрекет ететін басқарудағы, атқарушы органдар мен ұйымдар арасында өзара іс-қимылын реттеудегі рөлін күшейту;

Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың нормативтік құқықтық базасын, осы саладағы мемлекеттік реттеу тетігін жетілдіру;

туристік саланы кадрлық, ғылыми-әдістемелік, жарнама-ақпараттық қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

туризмнің инфрақұрылымын дамыту.

Туризмнің материалдық базасын жаңғыртуға, жаңа объектілер құрылысын жандандыруға жәрдемдесу жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу;

Қазақстанның туристік өнімін туристік

| | |
|---|---|
| | қызметтердің әлемдік рыногына жылжыту; туризм және қызмет көрсету салаларында шағын кәсіпкерлікті дамытуды, халықтың жұмыспен қамтылуын ынталандыруды қамтамасыз ету; сала субъектілерін инвестициялау және қаржыландырудың, кредиттеудің басқа да нысандары үшін жағдайлар жасау. |
| Бағдарламаны іске асыру мерзімі | 2003-2005 жылдар |
| Бағдарламаны қаржыландыру | Бағдарламаны іске асыру үшін болжанып отырған шығыстар мынаны құрайды: республикалық бюджеттен - 2003 жылға - 32604 мың теңге, 2004 жылға - 34028 мың теңге, 2005 жылға - 35729 мың теңге; жергілікті бюджеттен - 2003 жылға - 125989,7 мың теңге, 2004 жылға - 131389 мың теңге, 2005 жылға - 142854 мың теңге, сондай-ақ басқа да қаражат тартылуы мүмкін. |
| Күтілетін нәтижелер | Туристердің жалпы ағынының тұрақты өсуін қамтамасыз ету былайша болжанады: Ішкі туризм бойынша көлемі 2003 жылы 56 мың адамнан 2005 жылы 90 мың адамға дейін; келу туризмі бойынша - 2003 жылғы 24 мың туристен 2005 жыл соңына 60 мың туристке дейін көбейеді. 2003 - 2005 жылдар кезеңінде келу туризмінен бюджетке түсетін түсім 111,3 млн. АҚШ долларын құрайды. |

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.28. N 476 қаулысымен .

## 2. КІРІСПЕ

Туристік саланы дамытудың 2003 - 2005 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 17 ақпандағы N 344 жарлығына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама экономиканың басым секторы ретінде саланың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі проблемаларын қамтиды.

1996 жылғы 21 қазандағы Түркі тілдес мемлекеттер басшыларының Ташкент декларациясының міндеттемелерін орындау шеңберінде Қазақстан Республикасы

Президентінің "Түркі тілдес мемлекеттер басшыларының Ташкент декларациясын, ЮНЕСКО мен Дүниежүзілік Туристік Ұйымның Ұлы Жібек жолы бойындағы туризм инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жобасын Қазақстан Республикасында іске асыру туралы" 1997 жылғы 30 сәуірдегі N 3476 Жарлығына , Қазақстан Республикасы Президентінің "Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 27 ақпандағы N 3859 Жарлығына қол қойылды.

Туристік инфрақұрылымды дамыту және қазақстандық туристік өнімді әлемдік рынокқа жылжыту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірқатар мынадай: "Қазақстанның туристік беделін қалыптастыру жөніндегі 2000-2003 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" 2000 жылғы 26 қазандағы N 1604 , "Туризм жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы" 2000 жылғы 30 қазандағы N 1631 , "Туристік саланы дамытудың бірінші кезектегі шаралары туралы" 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1947 қаулылары қабылданды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 наурыздағы N 333 қаулысымен Қазақстан Республикасында Туризмді дамытудың тұжырымдамасы бекітілді.

Қазақстан Республикасының бірегей табиғи және мәдени әлеуетіне, жер бедерінің және табиғатының әркелкілігіне негізделген, туристердің кез келген сұранымын қанағаттандыруға қабілетті қазіргі заманғы туристік индустрия неғұрлым серпінді дамып келе жатқан және салаға салынған капиталдың қайтарымы бойынша тиімді әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне туризмнің икемді ықпалдасуының табиғи жүйе құраушы факторы болып табылады. Туризммен сабақтас салаларды ( көліктік-коммуникациялық инфрақұрылым, сервис, құрылыс, сақтандыру және т.б.) дамытуға және инвестициялық белсенділікті ынталандыруға негізделген қазақстандық туристік өнімнің кешенді түрде іске асырылуы халықтың жұмыспен қамтылуының және ел табысының тұрақты өсуін қамтамасыз етеді.

Әлемдік туристік рыноктың дәстүрлі аудандарының рекреациялық сыйымдылысының шегіне жетуіне байланысты және Қазақстанның туристер келетін аумақтарының тізімін жаңалау мен кеңейту қажеттілігі халықаралық туризм жүйесінде өзінің лайықты орнын алуына нақты мүмкіндік туғызады.

Мемлекетаралық, мемлекеттік және жекеше деңгейлерде туристік салада даму және жоспарлау саясатын үйлестіруге, Қазақстан Республикасында туризмді мемлекеттік басқаруды және дамытуды қолдаудың нысандары үйлестірілген тетіктің - Туризмді дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасының базасында қамтамасыз етуге зор рөл берілген.

## 3. ТУРИСТІК САЛАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

Ағымдағы сәтте республикада туристік саланы дамытудың көптеген шешілмеген проблемалары бар. Саланың қалыптасуына кедергі келтіретін бірқатар объективті факторлар орын алып отыр. Бұл, ең алдымен, туристік индустрияның өзіндегі де, онымен сабақтас саладағы да әлсіз менеджмент, сондай-ақ туристік инфрақұрылымдағы қолда бар объектілердің негізгі қорларының тозуы.

Елдің ұлттық, ішкі және экономикалық қауіпсіздігіне туризмнің ықпалы, сондай-ақ шетелдік туристердің Қазақстанда болуы қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы мәселе күні бүгінге дейін қаралған емес.

Статистика жөніндегі мемлекеттік органдар туризмді дербес сала ретінде жеке қарастырған жоқ. Алайда, туристік көрсеткіштерді есепке алуды жетілдіру жөніндегі жұмыс Дүниежүзілік Туристік Ұйымның ұсынымдарына сәйкес жүргізілді. Осы мақсаттарда статистикалық есеп беру нысандары жыл сайын қайта қаралды және қазіргі уақытта тексерудің жаңа бланкілері енгізілуде. Туризм салааралық қызметтің үлгісін білдіреді, мұның өзі көмекші шоттар енгізуді талап етеді.

Туристік саланы дамытудың аса маңызды мәселелерінің бірі қаржыландыру проблемасы болып табылады, оны шешу үшін:

мемлекеттік және жеке менеджменттің тиісті деңгейін қалыптастыруды қамтамасыз ету;

биліктің орталық және аймақтық деңгейлерінің іс-қимылын дәл үйлестіруді қамтамасыз ету;

жеке бастамалардың дамуына жәрдемдесу;

қазақстандық туристік өнімді сыртқы және ішкі рыноктарға жылжытудың тиімді жүйесін әзірлеу;

инвестициялау мен салық салу мәселелері бойынша қажетті нормативтік құқықтық кесімдер қабылдау;

шет ел туристерінің Қазақстанға келу рәсімдерін оңайлату;

саланың ақпараттық кеңістігін қалыптастыру қажет.

Қазақстанда туризмді дамытудың маңызды қыры - әлеуметтік туризмді, соның ішінде қазақстандықтардың дем алуға құқықтарын іске асырудың негізі және әлеуметтік қызметтер рыногын дамытудың басты факторларының бірі болып табылатын балалар туризмін дамыту болып табылады.

Туристік рынок статистикасына талдау көрсеткеніндей, 1996-2000 жылдар кезеңінде туризмнің барлық негізгі көрсеткіштерінің (1, 2-қосымшалар) 3 еседен астам төмендегені байқалды. 1996-2000 жылдар кезеңінде шет елдің азаматтары мен Қазақстан Республикасының резиденттері қатарынан туристердің шекара арқылы орнын ауыстыруы жөніндегі теріс сальдо қалыптасты, яғни, келушілерге қарағанда кетушілер көп болды. Шығу туризмінің үлесі - 45,8 пайызды, ішкі туризм - 37,9

пайызды, келу туризмі - 16,3 пайызды құрады.

2000 жылы туристік ұйымдар қызмет көрсеткен туристердің жалпы саны 146915 адамды құрады, бұл 1999 жылмен салыстырғанда 36 пайызға кем.

**Келу туризмі**

Елдер бойынша келу туризмі статистикасына талдау мыналарды көрсетті, яғни 1996 -2000 жылдары ТМД елдерінен келген туристердің орташа үлесі жылына 2,5 мың адамға төмендеген.

Қарастырған кезеңдегі келу туризмінің құрылымында алыстағы шет елдерден келген туристердің үлесі зор, 1995-1999 жылдардағы көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда, шамамен 1,5 есе артты.

2000 жылы туристік ұйымдардың көрсеткен қызметін пайдаланған, резидент емес келіп-кетушілердің арасында ТМД елдерінен келген туристердің (23868 адам) үлесі 14 пайызға, алыс шет елдерден келушілер 86 пайызға жуықтады.

2000 жылы тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасында 80-ге жуық елден туристер болды.

Ресейден, Қырғызстаннан, Өзбекстаннан, Украинадан, Тәжікстаннан келген резидент емес туристер негізінен туристік ұйымдардың көрсеткен қызметін пайдаланды. Алыс шет елдердің ішінде Германиядан, АҚШ-тан, Ұлыбританиядан, Франциядан, Жапониядан, Италиядан, Қытайдан, Түркиядан, Австриядан, Нидерландыдан келетін резидент емес туристердің неғұрлым көп ағыны байқалды.

ТМД елдерінен келген туристердің болу күндерінің орташа саны 4-5 күнді, ал алыс шет елдерден келгендер - 17 күнді құрады.

Туристердің келу мақсаттары бойынша келу ағынына жасалған талдау, Қазақстанға резидент еместердің 89,7 пайызы іскерлік және кәсіби мақсаттармен келгендігін көрсетті.

Статистикалық деректерге сәйкес бір шетелдік турист өзінің болған уақытында республикаға орта есеппен 700 АҚШ долларын қалдырады.

**Сыртқа шығу туризмі**

Сондай-ақ, 1996-2000 жылдары туристік жолдамамен шет елге шыққан резиденттердің саны тұрақты төмендеген. Шығу туризмінің төмендеуі негізінен, алыс шет елдерге шығушы туристер санының азаюына байланысты болды.

2000 жылы шет елге шыққан қазақстандық туристердің үлесі жалпы шет елге шыққан резиденттердің 5,4 пайызын құрады, соның ішінде 12 пайызы ТМД елдеріне, 88 пайызы алыс шет елдерге шықты.

2000 жылы Қазақстан Республикасының туристері небәрі 70-ке жуық шет елде болды. Бұл ретте турист-резиденттердің негізгі бөлігі Қырғызстанға және Ресейге шыққан. Қазақстан тұрғындары арасында алыс шет мемлекеттердің ішінен Түркия, Германия, Қытай, Біріккен Араб Әмірліктері, Таиланд, Иран неғұрлым танымал.

Қазақстандық туристердің ТМД елдерінде болу күндерінің орташа саны 6 күнді,

алыс шет елдерде - 7 күнді құрады. Бұл ретте шығуының іскерлік және кәсіби мақсаттары - (73,2 пайыз), бос уақытын өткізу және дем алу - (16,5 пайыз) болып табылды.

Сыртқа шығу туризмінде шоп-туризм басым.

**Ішкі туризм**

Туристік фирмалар 1996-1997 жылдары ішкі туристік рынокта орта есеппен 12 мың адамға қызмет көрсетті. Бұл көрсеткіш 1998-1999 жылдары 2 мың адамға дейін төмендеді.

Ішкі туризм көлемінің төмендеу үрдісі қазіргі уақытта да орын алуда. 1999 жылмен салыстырғанда 2000 жылы туризмнің осы түрінің көлемі 23 пайызға (3-қосымша) төмендеді.

### 3.1 Туристік ұйымдардың қызметінен түсетін жалпы пайда

Туристік қызмет көрсетулерден түскен табыс туристік ұйымдар (отандық және шетелдік) мен мемлекет (салықтар және алымдар) арасында бөлінеді. Туристік қызметпен байланысты қомақты табыс - 77 пайыз сыртқа шығу туризмі қызметінен түсуде. Қазақстанға келетін туристердің (туристердің жалпы ағынының 16,3 пайызы) аздығына қарамастан, келу туризмі табыс түсіруде зор әлеуетке ие, себебі ол туристік ұйымдар қызметінен түскен табыстың 13 пайызын құрайды. Ішкі туризм туристік ағынның жалпы көлемінің 38 пайызын иелене отырып, табыстың тек 10 пайызын (4-қосымша) береді.

Туристік ұйымдар салықтар мен алымдар түрінде түсетін жалпы табыстың 51 пайызын мемлекеттік бюджетке аударады.

Қазақстан Республикасы қазіргі уақытта мол табысты туризмнің сыртқа шығу (62 пайыз) бағытында жұмыс істейтін туристік ұйымдардың қызметінен алады, келу туризмі табыстың 24 пайызын, ішкі туризм табыстың 14 пайызын береді. Әлемдегі туризм дамуының тәжірибесі көрсеткендей, барлық мемлекеттер бірінші кезекте келу және ішкі туризмді өз елдерінде дамытуға мүдделі, өйткені бірінші түрі мемлекеттің қазынасына валюталық түсімді қамтамасыз етсе, екіншісі мемлекет ішіндегі қаражатты жинақтайды және туризмнің инфрақұрылымын дамытуға ықпал етеді.

### 3.2. Туристік ұйымдар

1996-1999 жылдар кезеңінде туристік ұйымдардың саны жылына шамамен 40 туристік фирмаға өсті. Олардың саны 2000 жылы 1999 жылмен салыстырғанда 265-ке (62 пайызға) өсті.

Статистикалық деректер бойынша 2001 жылдың 1 қаңтарына Қазақстанда 690 туристік ұйым жұмыс істеді, оның 639-ы (93 пайызы) қызметкерлерінің саны 5 адамнан 50 адамға дейінгі шағын кәсіпорындар болды. Жалпы туристік қызмет көрсетулер көлемінің 72 пайызын туристік ұйымдар іске асырады. Шағын туристік ұйымдар республикаға немесе Қазақстандағы туристік ұйымдардың қызметінің бүкіл табысының 79 пайызын, немесе 7,6 млн. АҚШ доллары мөлшерінде пайда әкеледі.

50-ден 250 адамға дейін қызметкерлері бар орта туристік фирмалар (43), бүкіл туристік ұйымдардың 6 пайызын құрайды. Туристік ағынның 28 пайызы, табыстың 21 пайызы, (2,1 млн. АҚШ долл.) солардың үлесіне келеді.

Қазақстанда 8 ірі туристік ұйым бар. Олардың қызметі негізінен туристік жолдаманың бағасына кірмейтін визалық, экскурсиялық және өзге де қызмет көрсетулерді ұсынуға бағдарланған, туристердің бүкіл ағынының тек 0,4 пайызын ғана қамтиды. Олардың қызметінен Қазақстан Республикасына түскен табыс 1,72 мың. АҚШ долларын (туристік ұйымдар қызметінің бүкіл табысының 0,02 пайызын) құрайды.

## 3.3. Облыстар бөлінісіндегі туризм дамуының жай-күйі

Республикада 1998-2000 жылдары туристік ағын көлемінің төмендеуінің жалпы үрдісімен қатар, еліміздің аймақтарында да туристік белсенділіктің құлдырауы байқалды (5-қосымша).

2000 жылы туризмнің дәстүрлі орталығы болып табылмайтын Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау облыстарында іскерлік белсенділіктің артуынан туристік қызметтің (1999 жылмен салыстырғанда) біршама көтерілуі байқалды. Мұндағы туризмнің келу, шығу және ішкі бағыттарының дамуына соңғы жылдары бизнес себеп болды.

Сонымен бір мезгілде дәстүрлі туристік аймақтарда: Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында және Алматы қаласында туристік ағын көлемінің қысқаруы байқалды.

Келу туризмінің неғұрлым зор көлемі Астана, Алматы қалаларына, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Алматы, Атырау мен Ақтөбе облыстарына бөлінген. Бұл ретте, осы аймақтарға орташа есеппен 100 адамның 89-ы іскерлік және кәсіби мақсаттармен келеді.

Қазақстанның барлық облыстарында, іс жүзінде резидент емес туристердің болу күндерінің саны Алматы қаласы және Атырау облысын қоспағанда - (4-5 күннен) 1 күнге аз.

Алматы, Астана қалалары, Қарағанды, Павлодар, Алматы, Ақтөбе, Маңғыстау, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарында сыртқа шығу туризмі неғұрлым дамыған. Осы аймақтарға Қазақстан азаматтары іскерлік және кәсіби мүдделерімен ( 100-ден 73 адам), сондай-ақ бос уақытын өткізу және демалу (100-ден 16 адам) үшін келеді.

Ішкі туризмнің неғұрлым дамуы Астана, Алматы қалаларында, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында байқалады.

## 3.4.Туризмнің инфрақұрылымы

### Туристерді орналастыру объектілері

Қазақстан Республикасында туристерді орналастырудың 319 объекті бар: соның ішінде - 159 қонақ үй, 34 санаторий, 29 демалыс аймағы, 26 демалыс үйі, 17 туристік

база, 12 мейманхана, 11 санаторий-профилакторий, 13 сауықтыру лагері, 10 аңшы үйі, 8 профилакторий жұмыс істеуде.

Қонақ үйлердің көпшілігі (149) Астана, Алматы қалаларында, Алматы, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында орналасқан. Олардың 66 пайызы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, 29 пайызы орта кәсіпкерлік субъектілеріне және тек 5 пайызы (8 қонақ үй) ірі ұйымдарға жатады.

Қонақ үйлердің жалпы санының 87 пайызы - жеке меншік, ал 9 пайызы - коммуналдық меншік және 4 пайызы шетелдік қатысушылармен бірлесіп құрылған ұйымдар.

Қонақ үйлердің біржолғы сыйымдылығы 2000 жылы 16389 орынды, нөмірлердің бүкіл саны 9124 құрады. Қонақ үйлер жүктемесінің төмендігі (2000 жылы барлығы 20 пайыз) және материалдық-техникалық базаның ескіруі көптеген қонақ үйлер қызметінің кірісінен шығысының асып кетуіне әкеп соқты. Жалпы 2000 жылы республикада мейманхана кешендерін пайдалану шығыны 15,6 мың АҚШ долларын құрады.

Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы қонақ үй кешендері мемлекетке негізгі табысты түсірді. Басқа аймақтардағы қонақ үйлер шығынмен жұмыс істеді. Астана, Алматы қалаларындағы, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарындағы қонақ үйлердің жұмысында теріс сальдо қалыптасты.

Орналастырудың барлық объектілерінің шығынын айқындайтын шығыстардың негізгі үлесі қызметкерлерге жалақы төлеу, салықтар мен бюджетке түсетін басқа да төлемдерден құралды. Күрделі және ағымдағы жөндеуге, жабдықтарды сатып алуға аз шығын жұмсаған жастар жатақханалары мен таудағы турбазалар да бар.

Қонақ үйлердің неғұрлым кең таралған санаты болып табылатын өз мейрамханасы бар қонақ үйлердің қызметі республикаға неғұрлым табыс түсіреді.

Туристік саланы дамытуға жасалған талдау көрсеткеніндей 50-60 жылдары салынған қонақ үйлер, сондай-ақ басқа да туристердің тұратын және тамақтанатын орындары ескіргендіктен, туризм инфрақұрылымының қазіргі жай-күйі дағдарысты деңгейге жетті.

## Көлік

### 1) Халықаралық әуежайлар

Қазіргі таңда Қазақстанда мына әуежайлардың: "Астана" халықаралық әуежайы" РМК-ның, "Алматы" халықаралық әуежайы" ААҚ-ның, "Ақтөбе" халықаралық әуежайы" ААҚ-ның, "Ақтау" халықаралық әуежайы" ААҚ-ның, "Ақ жол" халықаралық әуежайы" ААҚ-ның, "Әулие ата" халықаралық әуежайы" ААҚ-ның, "Атырау" халықаралық әуежайы" ААҚ-ның, "Семейавиа" халықаралық әуежайы" ААҚ-ның, " Сарыарқа" халықаралық әуежайы" ААҚ-ның, "Өскемен" әуежайы" ААҚ-ның, " Павлодар" әуежайы" ААҚ-ның, "Шымкент" әуежайы" ААҚ-ның, "Петропавл" әуежайы

" ААҚ-ның, "Қостанай" әуежайы" ААҚ-ның уақытша схема бойынша халықаралық әуе тасымалына рұқсаты бар.

2) Темір жол

Қазақстан Республикасының аумағын солтүстіктен оңтүстікке қарай қиып өтетін 3 темір жол тармағы бар, олар Қазақстанның оңтүстік аймағын батысымен, орталығымен, солтүстігімен және шығыс бөліктерімен байланыстырады. Республиканың Ресеймен шекаралас солтүстік аймағында темір жол желісі неғұрлым дамыған.

Қазақстанның көршілес 3 елге: Ресейге, Өзбекстанға, Қырғызстанға, Қытайға шығатын темір жолы бар.

3) Автомобиль жолдары

1. Бішкек - Алматы - Қорғас;
2. Шымкент - Қызылорда - Ақтөбе - Орал - Самара;
3. Алматы - Қарағанды - Петропавл - Челябі;
4. Алматы - Қарағанды - Астана - Қостанай - Челябинск;
5. Омбы - Павлодар - Семей - Майқапшағай;
6. Астрахань - Атырау - Ақтау - Бекдаш.

2002-2005 жылдар кезеңінде жоғарыда аталған автомобиль көлігі дәліздеріндегі жол маңайындағы сервис объектілерін және инфрақұрылымды жаңарту, қалпына келтіру және дамыту жөніндегі жобаларды іске асыру көзделеді.

4) Порттар

Каспий теңізіндегі Ақтау порты Қазақстанды Ресейдегі, Түркіменстандағы, Әзербайжандағы және Ирандағы порттармен байланыстырады.

Ресей Федерациясымен және Қытай Халық Республикасымен Қазақстан Республикасының ішкі су жолдары қатынасы бар.

Резидент емес туристердің көпшілігі өздерінің саяхаты үшін туристерді тасымалдаудың жалпы көлемінде үлесі 84,8 пайызды құрайтын әуе көлігін пайдаланады. Темір жол көлігімен - 7,8 пайыз, халықаралық автобустармен - 3,5 пайыз және құрлықтағы басқа құралдармен - 3,8 пайыз, су көлігімен - 0,01 пайыз турист жүреді.

Сондай-ақ, резидент емес туристердің 70 пайызы әуе көлігін пайдаланады. Туристердің қалааралық автобустарда 22 пайызы, темір жол көлігінде 7 пайызы, құрлықтағы басқа құралдармен 1 пайызы жүреді.

## 4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 4.1. Бағдарламаның негізгі мақсаттары

Бағдарламаның басты мақсаты Қазақстан Республикасында қазақстандық және шет елдік азаматтардың әртүрлі туристік қызметтерге қажеттілігін қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін, қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге

қабілетті туристік кешен құру, келу және ішкі туризмді қолдаудың экономикалық және құқықтық басым тетіктерін әзірлеу; ел экономикасына шетел валютасының тұрақты келуін қамтамасыз ету, экономиканың сабақтас салаларын дамыту болып табылады.

Бағдарлама, сондай-ақ мынадай мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

тартымды туристік объект ретінде Қазақстанның беделін орнықтыру;

ұлттық туристік өнім қалыптастыру және оның сапасын әлемдік деңгейге сәйкестендіруді қамтамасыз ету;

саланы мемлекеттік реттеудің оңтайлы әдістерін қолдау мен таңдау негізінде туризмді кешенді дамыту.

**4.2. Бағдарламаның негізгі міндеттері**

Қойылған мақсаттарға сәйкес Бағдарламаның бірінші кезектегі міндеттері мыналар:

туризмде әлеуметтік-экономикалық өзгермелі жағдайларға, мақсаттарға, қағидаттарға, туристік қызметті жүзеге асыру міндеттеріне жауап беретін мемлекеттік реттеудің жаңа көзқарастар жүйесін қамтамасыз ету;

мемлекеттің туризм саласында республикалық уәкілетті орган арқылы әрекет ететін басқарудағы, атқарушы органдар мен ұйымдар арасында өзара іс-қимылын реттеудегі рөлін күшейту;

Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың нормативтік құқықтық базасын, осы саладағы мемлекеттік реттеу тетігін жетілдіру;

туристік саланы кадрлық, ғылыми-әдістемелік, жарнама-ақпараттық қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

туризмнің инфрақұрылымын дамыту, туризмнің материалдық базасын жаңғыртуға, жаңа объектілер құрылысын жандандыруға жәрдемдесу жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу;

Қазақстанның туристік өнімін туристік қызмет көрсетулердің әлемдік рыногына жылжыту;

туризм саласында және қызмет көрсету салаларында шағын кәсіпкерлікті дамытуды, халықтың жұмыспен қамтылуын ынталандыруды қамтамасыз ету;

инвестициялау және сала субъектілерін қаржыландырудың, кредиттеудің басқа да нысандары үшін жағдайлар жасау болып табылады.

## 5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІГІ

### 5.1. Туристік қызметті мемлекеттік реттеу мен қолдау жүйесін дамыту

Бұл бағытта мынадай шараларды іске асыру қажет:

Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу мүмкіндігін

ескере отырып, халықаралық сауданың мемлекеттік реттелуін туристік қызметтермен қамтамасыз ету мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеу;

келу туризмін және ішкі туризмді дамыту, көші-қон мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру, виза рәсімдерін, кеден және шекара бақылауын оңайлату;

туризм саласындағы статистикалық есепке алу мен есеп беру жүйесін жетілдіру, соның ішінде саланың мекемелері мен ұйымдары жұмысының қаржылық нәтижелерін сипаттайтын көрсеткіштерді енгізу;

Дүниежүзілік Туристік Ұйымның ұсынымдарын және БҰҰ-ның Статистикалық комиссиясының шешімдерін ескере отырып, туристік саланың төлем теңгерімін қалыптастыру әдістемесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау;

Туристік қызметтер рыногындағы барлық өндірушілердің бәсекелестік қабілеті мен тұрақты табысын қамтамасыз ету мақсатында туристік бизнес рентабельділігінің оңтайлы шегін айқындау үшін баға құрау мәселелерінде мемлекеттік реттеу саясатын әзірлеу;

ұлттық туризмнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

халықаралық шарттардың негізінде шет елдермен туризм саласындағы ынтымақтастықты дамыту;

туристік қызметті стандарттау, сертификаттау, лицензиялаудың талаптарына сәйкес туристерге қызмет көрсетудің сапасын жақсарту;

туризм саласына кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру;

саланы қаржыландырудың, оның ішінде кредиттік ресурстарды тарту есебінен қаржыландырудың жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету;

туризм саласында мүдделі орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдар арасындағы, сондай-ақ мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы қызметті ең жоғарғы деңгейде үйлестіруді қамтамасыз ету.

### 5.2. Қазақстанның мәдени-тарихи және рекреациялық аймақтарын дамыту және сақтау

Бұл бағытта мынадай шараларды іске асыру қажет:

мәдени-тарихи және табиғи рекреациялық ресурстарды сақтау және ұтымды пайдалану;

халық арасында туризмнің құндылықтарын насихаттауды және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қамтамасыз ету;

қоршаған ортаны және өзге де туристік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;

халықтың әртүрлі әлеуметтік-демографиялық жіктері мен топтары арасында әлеуметтік туризмді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау.

### 5.3. Маркетинг және қазақстандық туристік өнімді ұсыну

Бұл бағытта мыналарды қарастыру қажет:

ұлттық туристік өнімді экспорттау және туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту стратегиясын әзірлеу;

туристік көрмелер мен басқа да іс-шараларды ұйымдастыру;

туристік өнімді сатуда біріздендірілген үдемелі стандарттарды енгізу;

Қазақстан халқының барлық жіктерінің туристік ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз ету, туристік қызмет көрсетулерге қажеттіліктерді барынша қанағаттандыру;

Қазақстан Республикасында туризмнің мамандандырылған (экотуризм, әлеуметтік, балалар және жасөспірімдер, спорттық-сауықтыру, мәдени-танымдық және т.б.) түрлерін дамытудың бағдарламаларын әзірлеу;

аймақтарда әлеуметтік және жекеше туризмді дамытуды қамтамасыз ету;

ішкі және сыртқы рыноктарда ұлттық туристік өнімнің жылжуын ақпараттық жарнамалық қамтамасыз ету;

туризмді дамытудың аймақтық және аймақаралық бағдарламаларын әзірлеу үшін әдістемелік нұсқаулықтар мен ғылыми-жобалық негіздемелер дайындау.

### 5.4. Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, кадрлар даярлау және туризм қызметкерлерінің біліктілігін арттыру

Бұл бағытта:

туристік саланы дамыту үшін қажетті жоғары, орта кәсіптік және бастауыш кәсіби білім беретін мамандықтардың тізбесін әзірлеу;

мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп мамандардың кәсіби даярлығының сапасын жақсарту, оларды қайта даярлау мен біліктілігін арттыру жөнінде шаралар белгілеу;

туристік саланың кадрларына арнап, Дүниежүзілік Туристік Ұйыммен, Туристердің қазақстандық қауымдастығымен, Қазақстанның жоғары оқу орындарымен және халықаралық білім беру мекемелерімен бірлесіп, тұрақты жұмыс істейтін кәсіби даярлық курстарын құру;

республикада туристік индустрияны дамытудың түйінді проблемалары бойынша ғылыми-практикалық конференциялар өткізуді және Қазақстанның халықаралық туристік оқиғаларға қатысуын қамтамасыз ету қажет.

### 5.5. Туризм индустриясының материалдық-техникалық базасын дамыту

Осы бағытта:

туристік объектілерді жаңарту мен салу үшін отандық және шет елдік инвестицияларды тарту жолымен туризмнің материалдық-техникалық базасын дамыту;

әуе тасымалы қызмет көрсету рыногында бәсекелесу қабілетін көтеру, автомобиль

және темір жол көліктерінде жолаушыларды тасымалдауды одан әрі дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

Қазақстан Республикасының аумағына туристік объектілерді перспективалық орналастырудың және туристік инфрақұрылымды дамытудың схемаларын әзірлеу;

туризмді дамыту аудандарында жерді пайдалану және құрылыс салу нормаларының қолданылуын бақылау;

қонақ үй - сервистік кешенін әлемдік стандарттарға сәйкестендіру, туристік кешендердің, этнографиялық мұражайлардың және демалыс аймақтарының желісін құру;

ілеспе инфрақұрылымды: сумен, электрмен жабдықтау, кәріз желісі мен қатты қалдықтарды жоюдың жүйесін, қолданыстағы және әлеуетті туристік аймақтарда телекоммуникацияны дамыту;

аймақтық деңгейде туристерді орналастыру орындары мен қонақ үйлерді жаңғырту және халықаралық тәжірибеге сай стандарттауды енгізу;

шетел инвестициясын тарту жолымен жүйе құраушы туристік объектілерді ( халықаралық деңгейдегі туристік кешендер) дамыту;

туристік объектілерді, оның ішінде орналастырудың орта және шағын құралдарының жобаларын әзірлеу және оның құрылысын салу шараларын олардың жыл бойы пайдаланылуын қамтамасыз етуді ескере отырып, қабылдау қажет.

**5.6. Туризмнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

Бағдарлама туризм саласындағы қауіпсіздіктің деңгейін көтерудің мынадай басым бағыттарын айқындайды:

туристің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі;

туризмнің сақтандыру рыногын дамыту;

тұтынушылардың құқықтарын қорғау;

өрт қауіпсіздігі;

орналасу мен тамақтану орындарындағы қауіпсіздік;

көліктегі қауіпсіздік;

турист кадрларын арнайы даярлауды және туристерге қызмет көрсету жөнінде туроператорлар мен турагенттердің қызметінде техника қауіпсіздігі жөніндегі нормалар мен ережелердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

туристік ортаны қорғау және сақтау;

қорғау және қауіпсіздік мәселелері жөнінде хабардар ету;

ұйымдасқан қылмысқа және терроризмге қарсы күрес;

